

Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 қазандағы N 1371 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 желтоқсандағы N 1122 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.01 N 1122 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының мәтініндегі сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 925 қаулысымен.

Тұрақты демографиялық және экономикалық дамуды қамтамасыз ететін көші-қон саясатын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2001-2010 жылдарға арналған салалық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) б е к і т і л с і н .

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен басқа да мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Жоспарда белгіленген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етсін және жыл сайын, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне олардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуді бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Республикасы Көші-қон саясатының
2001-2010 жылдарға арналған салалық
Бағдарламасы**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 29 қазандағы
N 1371 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Астана қ., 2001 жыл
ПАСПОРТЫ

Атауы Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының
2001-2010 жылдарға арналған салалық
бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама)

Мақсаты Тұрақты демографиялық және әлеуметтік-
экономикалық дамудың қажетті шарттарын
жасауға, көшіп-қонушылардың құқықтарын іске
асыру жөнінде барлық қажетті жағдайлар
жасауға, сондай-ақ еліміздің мемлекеттік
қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған көші-қон
саясатын қалыптастыру

Қысқаша мазмұны Бағдарламада: сыртқа көшіп кету процестерін
қысқарту және тұрақтандыру;
көші-қон процестерін реттеу және бақылау,
с о н ы ң і ш і н д е :

еңбек көші-қонын жоспарлау және басқару;

адамды сатуға қарсы "күрес";

жасырын және жария көші-қонды бақылау және
реттеу;

оралмандардың еліміздің әлеуметтік-
экономикалық және саяси өміріне қайта
араласуына барынша жәрдемдесу;

босқындарға байланысты, бір жағынан, олардың
әлеуметтік ортаға араласып кетуіне және,
екінші жағынан, олардың өздері шыққан
мемлекетіне ерікті түрде қайта оралуына
жәрдемдесуге бағытталған процестерді реттеу;

тұрақты экономикалық өсу мен және
еліміздің экологиялық қолайсыз, тоқыраған
аймақтары мен қалаларынан көшумен байланысты
ішкі көші-қонды реттеу жөніндегі негізгі
бағыттар беріледі

Қаржыландыру
көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған көздер есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік заңнаманы қалыптастыру кезінде жыл сайын нақтыланатын болады.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру көші-қонның теріс сальдосының оң сальдоға өзгеруі есебінен республика халқы санының өсуін қамтамасыз етеді, көшіп-қонушылардың, оралмандардың құқықтарын іске асыру жөніндегі қажетті жағдайларды жасайды және еліміздің ұлттық қауіпсіздігін нығайтады

Іске асыру кезеңдері 1-кезең - 2001-2005 жылдар
2-кезең - 2005-2010 жылдар

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының салалық бағдарламасы еліміз Президентінің Қазақстан халқына "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы" жөніндегі Жолдауын іске асыру мақсатында, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі N 1346 қаулысына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі өзінің аумақтық органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы Көші-қон жөніндегі Халықаралық Ұйым (бұдан әрі - КХҰ) өкілдігінің жәрдемімен әзірледі. Әзірлеуге республиканың басқа да мүдделі орталық атқарушы органдары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, көші-қон проблемаларымен айналысатын ғылыми және қоғамдық мекемелер мен бірлестіктер де қатысты.

Халықтың көші-қонын реттеудің құқықтық негізі 1997 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 15 желтоқсанда бекіткен 1951 жылғы 28 шілдеде қабылданған "Босқындар мәртебесі туралы" конвенцияда және 1967 жылғы 31 қаңтардағы Босқындар мәртебесіне қатысты хаттамада баянды етілген.

Бағдарламаны әзірлеу Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық

саясаттың аса маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі орташа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективаға арналған көші-қон саясатын қалыптастыру және іс жүзінде жүзеге асыру үшін негіз болуға тиіс көші-қон саласындағы негізгі бағыттарды белгілеуді, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын мүлтіксіз сақтау жолымен Қазақстан халқының белсенді ықпалдасу саясатын жүргізуді, жұмыспен қамту, кәсіби және қызметтік өсу, білім алу, әлеуметтік қорғау, дін ұстану бостандығын, мәдени қажеттерді қанағаттандыру, ұлттық дәстүрлерді сақтау саласында ұлтына қарамастан тең мүмкіндіктер беруді б о л ж а й д ы .

Осы Бағдарламаны әзірлеу кезінде:

2001 жылдың бас кезіне қарай Қазақстан Республикасында қалыптасқан
к ө ш і - қ о н п р о ц е с т е р і ;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік демографиялық саясатының
тұжырымдамасында көрсетілген мақсаттар мен міндеттер;

көші-қон мәселелері бойынша халықаралық шарттар, Қазақстан Республикасы бекіткен құжаттар;

Халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидаттары;

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған даму схемасының және өндіргіш күштерді орналастырудың идеологиясы;

Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;

"Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта жаңғырту, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасы ;

"Білім беру" мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынған негіз болды.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСТЕРІН ТАЛДАУ

1.1. Қазақстан Республикасындағы көші-қонның өткен кезеңінің талдамасы және қазіргі жағдайы

Қазақстан Республикасында болып жатқан көші-қон процестерінің өткен кезеңіне талдау жасау оның еліміздің халқын ұдайы көбейту процестерінде елеулі рөл атқаратынын көрсетіп отыр. 80-жылдардың ортасында басталған және әсіресе 90-жылдарда күшейе түскен жаңа үрдіс тек еліміз Үкіметінің ғана емес, осы проблеманы зерттеп жүрген халықаралық ұйымдардың да ерекше назарын а у д а р ы п о т ы р .

90-жылдардың ортасында республиканың демографиялық дамуының сипатты ерекшеліктері халықтың ырықсыз қозғалысындағы болып жатқан процестердің жоғары қарқынынан байқалады, бұл ең алдымен, оның санының өскелеңдігінен көрінеді.

Еліміз халқының саны азаюының негізгі себебі көші-қонның теріс сальдосы болды. Халықтың табиғи өсімі көші-қон ағынымен толығымен жұтылып кетіп о т ы р д ы .

Еліміз жыл сайын халықтың көші-қон шығынына ұшырауда, 1991-2000 жылдар аралығында олар 2 миллион адамнан асып түсті. Көшіп кету 1994 жылы шырқау шыңына жетті және көшіп кетушілердің саны 477,1 мың адамды құрады. Соңғы жылдарда Қазақстан Республикасының аумағынан кетушілер саны күрт азайды және жыл сайын 200 мыңнан 160 мың адамға дейін ауытқып отырады.

Бала туудың азаюынан, өлімнің көбеюінен туындаған демографиялық ахуалдың нашарлау жағдайында халықтың көші-қон шығынының қолайсыз үрдісі қалыптасуда. 1991 жылы көшіп кету себебіне байланысты әрбір мың адамнан 3 адам, 1992 жылы - 10, 1993 жылы - 13, 1994 жылы - 25-ке жуық, 1995 жылы - 15, 1998 жылы - 13, ал 2000 жылы - 11 адам кеміді.

Көші-қон шығынының нәтижесінде қоғамның демографиялық тұрақсыздығы күшейе түсуде. Халықтың, оның ішінде оның белсенді бөлігінің сан жағынан азаюы орын алуда. 1993-1994 жылдары көші-қон шығыны халықтың табиғи өсімін жұтып қана қойған жоқ, тиісінше одан 1,4 және 2,8 есе асып кетті. Кетіп қалушылар легінде негізгі үлесті еңбекке жарамды жастағы адамдар құрады (1994 жылы 63,2%, 1995 жылы 62,8%, 1999 жылы 67% және 2000 жылы 68%). Кетіп қалған азаматтардың шамамен 18-20%-ы еңбекке жарамды жасқа толмаған халықты құрады. Осыған байланысты халықтың құрамында еңбекке жарамды жастан кәрі адамдардың саны көбейіп барады және тиісінше "халықтың қартаю" ү р д і с і к ү ш е ю д е .

Көші-қон шығыны еңбек әлеуетінің сапалық құрамының теріс өзгерісін туғызады. Көшіп кетушілердің арасында жоғары, аяқталмаған жоғары және арнаулы орта білімі бар адамдардың үлесі 1993 жылы - 39%-ды, 1994 жылы - 46,5%-ды, 1995 жылы - 33,0%-ды, 1999 жылы 38%-ды және 2000 жылы 38,8%-ды құрады. Ал білім деңгейі мұндай адамдар аз келеді.

Осылайша, елімізде "ақыл-ойдың кетіп қалуы", білікті жұмысшылардың, мамандардың кетуі дейтін үрдіс тұрақты қалыптасуда.

Көші-қон шығынына біздің еліміздің әсіресе солтүстік, батыс және шығыс аймақтары ұшырап отыр. 2000 жылы көшіп кету шығынының неғұрлым жоғары пайызы Қостанай, Павлодар және Қарағанды облыстарында қалыптасты, бұл облыстарда республиканың славян және неміс халқы неғұрлым көш ш о ғ ы р л а н ғ а н .

Көшіп кетіп жатқан халықтың ұлттық құрамы саналуан. 2000 жылы кетушілер легінде орыстар - 58%-ды, немістер - 19%-ды, украиндар - 9%-ды, казактар - 5%-ды құрады. Келушілердің арасындағы үлес салмақтың 41%-ын орыстар, 33%-ын казактар, 6%-ын украиндар, 4%-ын немістер, 16%-ын басқа ұлт

адамдары

құрады.

Келушілерден кетушілердің асып кетуі нәтижесінде қазақтардан басқа, барлық көрсетілген ұлттардың көші-қон шығыны болды. Алайда көші-қон шығынының ең жоғары интенсивтілігі неміс халқының арасында байқалады. 1993 -2000 жылдар аралығында 83 мың қазақтың көшіп кетуіне қарамастан қазақ халқының арасында көші-қон өсімі қалыптасты.

Негізгі көші-қон легі Қазақстан мен жақын шет елдер арасында (Ресей мен Орта Азия республикалары арасында басымырақ), ал неміс ұлтының көші-қоны Германиямен арада қалыптасты.

Сыртқы көші-қонның аса маңызды құрамдас бөлігі тәуелсіз құқықтық мемлекеттің қалыптасуы жағдайында ол жаңа сипат, өзгеше саяси және әлеуметтік-экономикалық мазмұн алатын көшіп келу болып табылады. Қазіргі кезде елімізге халықтың көшіп келуінің зор маңызы бар. Ол белгілі дәрежеде көшіп кетудің теріс ықпалын жоюға мүмкіндік береді, көші-қон шығынын азайтады, халықтың демографиялық сипаттамасын жақсартуға жәрдемдеседі. Осыған байланысты мемлекеттік реттеу және көшіп келу процесін дамытуға жәрдемдесу қажет.

Халықтың Қазақстанға көшіп келуінің, оның геосаяси жағдайымен (әлеуметтік шиеленіс ошақтарынан алыс болуымен), 1932 жылғы аштықтың және саяси қуғын-сүргіндердің салдарынан байырғы қазақ халқының өз отаны шегінен тыс жерлерге жаппай көшіп кетуіне байланысты тарихи бастан кешіргендерімен, өтпелі экономика жағдайында республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының өзіндік ерекшелігімен, ішкі саяси жағдайдың тұрақтылығымен, белгілі дәрежеде көшіп келу процестерінің, бірінші кезекте, еңбек көші-қонының басқарылуы мен бақылануымен, квоталау, лицензиялау жүйесінің орнықтырылуымен негізделген өзіндік ерекшелігі бар.

Республикаға қазақтардың қайта оралуы дәл қазіргі кезеңге тән. 1991- 2000 жылдар аралығындағы кезеңде 43 мыңнан астам қазақ отбасы немесе 183 мың адам көшіп келді. Келушілердің жалпы санының жартысынан астамы дерлік алыс шет елдерден келгендер. Келушілер легі Монғолиядан (35%-ы), Ираннан (8%-ы), Түркиядан (2%-ы), Қытайдан (1,2%-ы) және Ауғанстаннан (1%-ы) шыққандар есебінен құралады.

Елімізге қоныс аударушылардың келуін реттеу, оларды бірқалыпты қоныстандыру мақсатында жыл сайын көшіп келу квотасы бекітіледі. Квотаның белгіленуіне талдау жасау жыл сайын олардың біртіндеп азайып келе жатқандығын көрсетеді.

1993 жылы көші-қон квотасы 10 мың отбасын құрады, 1994 жылы - 7 мың отбасы, 1995 жылы - 5 мың отбасы, 1996 жылы - 4 мың отбасы, 1997 жылы - 2,18 мың отбасы, 1998 жылы - 3 мың отбасы, 1999 жылы - 2000 жылдары әр жылға

1991-2000 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының аумағына қоныс аударушылар мен көшіп келушілерді екінші қайталап орналастыру үрдісі көрініс тапты.

1995 жылдан бастап көші-қон шығынының төмендеу үрдісі байқалды. Мұндай жағдай республиканың көші-қон теңгерімі жуық болашақта жақсарады деп болжам жасауға мүмкіндік береді.

Көші-қон саясатының маңызды аспектісі ішкі көші-қонды реттеу болып табылады. Ішкі көші-қон - бұл облысаралық және облыс ішіндегі көші-қон. 1993-2000 жылдар аралығында ішкі көші-қон айналымы 1,4%-ға ұлғайды.

Республика ішіндегі көші-қон айналымының жалпы төмендеуі кезінде экологиялық дағдарыс аймақтарынан (Шығыс Қазақстан, Қызылорда облыстары) облысаралық алмасу бойынша халықтың көшіп кетуі жоғары болып қалып отыр.

Тұрмыс деңгейінің аймақтарда әртүрлі болуының нәтижесінде Қарағанды (Жезқазған аймағы), Қостанай (Торғай аймағы) облыстары халықтың көші-қон шығынына ұшырауда.

Екінші жағынан, облысаралық көші-қон нәтижесінде халықты қабылдайтын аймақтар қалыптасты, олар, бірінші кезекте, Алматы және Астана қалалары, сондай-ақ Ақмола, Маңғыстау облыстары.

Республика ішіндегі көші-қонға қала халқы неғұрлым белсенді қатысады. Мұндай жағдай ауылдық жерлер халқының қалалы жерлерге көшіп кетуі нәтижесінде қалыптасты. Осыған байланысты республикаішілік ауыл-қала көші-қоны салдарынан, сондай-ақ неміс және славян тілді халықтар есебінен көші-қон шығыны жоғары интенсивтілігі сақталуда.

Көшіп-қонуға байырғы халық неғұрлым икемді: 1999 және 2000 жылдарда республикаішілік көші-қонда қазақтардың үлес салмағы 71 және 72%-ды құрады. Ел ішіндегі көші-қон белсенділігі басқа ұлттардың арасында да байқалады.

Урбанизация процесі жүріп жатыр, бірақ оның келенсіз жағдайлардан, аграрлық сектордағы жағдайдың ауырлығынан және ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағынан жеткіліксіз дамуы салдарынан болуы басым. Халықтың ішкі қоныс аударуы көбінесе берекесіздік сипатқа ие және мемлекеттік реттеуді қажет етеді.

1.2. Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін факторлық талдау

Елімізде болып жатқан көші-қон процестеріне айтарлықтай көп факторлар әсер етеді. Жалпы алғанда, оларды мынадай негізгі топтарға бөлуге болады:

- с а я с и ;
- этномәдени ;
- әлеуметтік-экономикалық ;

- табиғи-климаттық, экологиялық;

- ақпараттық-насихаттық.

Көші-қон процестеріне осы факторлар тобының әсері әртүрлі болды. Этностың тиісті тобының тұрып жатқан аймағына көп нәрсе байланысты болды. Яғни оларға кеңістіктік-мезгілдік сипат тән (мәндес).

Жоғарыда тізіп көрсетілген факторлар тобының Қазақстанда болған және қазіргі кезеңде болып жатқан көші-қон процестеріне талдау жасай келіп, мыналарды бөліп көрсетуге болады.

Қоғамды демократияландырумен, әртүрлі саяси реформалардың басталуымен Қазақстанда көші-қон процестеріне саяси фактор неғұрлым күшті әсер ете бастады. Әртүрлі халықаралық келісімдер, шекараны ашу, еркін кету және келу, Қазақстаннан өзінің тарихи отанына айтарлықтай көп немістердің кетуіне мүмкіндік берді. Осы фактордың ырықсыз қозғалысқа әсері басқаларға қарағанда неғұрлым күшті болды. Немістердің және басқа этностардың легі 80-жылдардың аяғында, 90-жылдардың басында байқала бастады. 1990 жылы Қазақстаннан шет елдерге 79,4 мың неміс, 1,6 мың татар, 1,4 мың белорусь көшіп кетті.

Татарлардың, немістердің, белорусьтардың, украиндардың, еврейлердің өздерінің тарихи отанына көшіп кетуі, көші-қон процесінде саяси факторлармен қатар белгілі үлесті этномәдени факторлар рөл атқарғанын және атқаратынын дәлелдейді.

Халықтың көші-қон белсенділігінің күшеюіндегі этномәдени фактордың болуы бұрын Қазақстанға күштеп көшірілген халықтардың тарихи аумақтар шегінде ұлттардың шоғырлануға ұмтылысымен негізделген. Қазіргі кезеңде тарихи отанына (ең алдымен Германияға, Израильге, Ресейге) қайта оралған көшіп-қонушылардың көпшілігінде әлеуметтік-мәдени және этномәдени құндылық басым және олар көп жағдайда немістердің, еврейлердің, орыстардың икемділігін білдіреді.

Бірқатар жағдайларда баяғы жылдардағы күштеп көшіру (қырым татарлары, шешендер, ингуштер мен басқа да халықтар) салдарымен байланысты факторлардың, сондай-ақ тың игеру, жаңа өнеркәсіп құрылыстарының бой көтеру жылдарында Қазақстанға жаппай қоныстандыру салдарымен байланысты факторлардың әсері болды. Бұдан басқа көші-қонға 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өнеркәсіп объектілері мен адамдарды эвакуациялау салдарлары әсер етті.

Осы халықтардың өзінің тарихи отанына оралғысы келетін тілегі жоғарыда тізіп көрсетілген факторлардың әсерімен күшейе түседі.

Әлеуметтік-экономикалық фактор көші-қон көңіл күйіне ықпал ететін аса маңызды фактор болып табылады. Жұмыстың жоқтығы салдарынан тұрмыс деңгейінің төмендеуі, тіршілік етудің материалдық бұйымдарының азаюы

көші-қон шығынына айтарлықтай әсер етті. Бұл, көші-қонды жұмыссыздықтың өсуімен салыстыру нәтижесінде айқын көрінеді. Оның үстіне бұл тәуелділік (біршама кешіктіріліп салыстырылғанда) тура бара-бар дерлік. Мәселен, егер экономикалық реформалардың бас кезінде жұмыссыздықтың секірмелі өсуі етек алған болса, көшіп кету де сонымен бір мезгілде жүріп жатты. Сонымен бірге 90-жылдардың аяғына қарай жұмыссыздар санының азаюы байқала бастаған кезде соған сай көшіп кетудің азаюы да байқала бастады.

Тұрғын үйдің болмауынан, әсіресе жастар арасында, көші-қон тек сыртқа көшіп кету легі бөлігінде ғана емес, ішкі бөлігінде де көбейді (қаладан-ауылға, қаладан-қалаға және т.б.). Егер 1993 жылы 3856 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген болса, 1997 жылы 1278 мың шаршы метр тұрғын үй п а й д а л а н у ғ а б е р і л д і .

Халықтың көші-қон легінің жандана түсуінің елеулі факторы экологиялық жағдайдың нашарлауы болып табылады. Соңғы жылдарда, Семей полигоны және Арал өңірі сияқты белгілі экологиялық апат аймақтарынан басқа, экологиялық өлшемдері мүлде қолайсыз Батыс Қазақстандағы Капустин Яр және Оңтүстік Қазақстан облысындағы Созақ полигоны сияқты жаңа аудандар пайда болды.

Бұрынғы жылдарда қоршаған ортасы жоғары дәрежеде лас және табиғи-климаттық жағдайы ауыр аймақтарда жұмыс істейтіндерді тұрақтандыратын жағдай әлеуметтік тәртіппен өтемақы төлеу болды (жалақыға коэффициенттер мен үстеме ақылар, тұрғын үй жағдайын жақсарту, балалар мекемелерімен, санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен жақсы жабдықтау). Экономикалық дағдарыс жағдайында бұл өтемақы шаралары іс жүзінде қолданылмай қалды. Денсаулық үшін аландаушылық туғызатын экологиялық жағдайдың нашарлауы, қоршаған ортаның ластану үрдісі сақталып отырған кезде "экологиялық көшіп-қонушылар" пайда болып отыр. Осындай лектерді реттеу тетігінің жоқтығы әлеуметтік-экономикалық сипаттағы бірқатар проблемаларды туғызады: жұмысқа орналастырудағы қиындық және жаңадан орналастырылатын жерлерде тұ р ғ ы н ү й д і ң ж е т і с п е у і .

Қазақстан Республикасында көші-қон процестеріне кең және жүйелі ақпараттық-насихаттық жұмыстың жеткіліксіздігіне байланысты факторлар елеулі дәрежеде әсер ете бастады. Жария көші-қон саласындағы оның түрлері мен нысандары, сондай-ақ жасырын көші-қонның салдарлары туралы ақпараттың жоқтығы соңғы кезеңде адамдарды сату оқиғаларына алып келуде. Бірінші кезекте балалар мен әйелдерді.

Нарыққа өту жағдайында көші-қон процестерін реттеуді күшейтудің қосымша факторы еңбек көші-қоны процесін жандандыру. Нарықтық экономикада шарттық қатынастарға, келісім-шарттарға, кәсіпорындар, фирмалар

арасындағы келісімдерге сәйкес еңбек ресурстарын орналастыру жедел жүргізіледі. Мұндай жағдайларда өзінің кәсіби деңгейі бойынша өндіріс талаптарына жауап беретін қызметкерлерді шақыру мақсатымен еңбек көші-қонын мемлекеттік реттеу қажет және бұл белгілі бір аймақтарда жұмыссыздық проблемасын шиеленістірмейді.

Республикаішілік көші-қонды бірінші кезекте айқындайтын қосымша факторларға Астана қаласына мемлекет астанасын көшіруді, халықтың урбанизациясын, сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы экономиканың құрылымдық қайта құрылуын жатқызуға болады, бұл ауыл халқының өнеркәсіп орталықтарына кетуін туғызады.

Қазақстанда көші-қон процестерін реттеудегі оңды фактор, оның саяси тұрақтылығы болып табылады. Қазіргі кезде көшіп-қонушылардың тек қана саяси себептер бойынша елден кету жағдайлары іс жүзінде жоқ. Бүгінде республикадағы саяси тұрақтылық елімізден халықтың көшіп кетуі азаюының негізгі факторы болып табылады. Сонымен бірге ТМД елдері мен алыс шет елдерде (Ауғанстан) шиеленіс ошақтарының болуы, дүниежүзілік қауымдастықта әртүрлі саяси және ұлттық қақтығыстардың туындауы Қазақстаннан әлеуетті көшіп кетушілердің көші-қон көңіл күйін айтарлықтай бәсеңдетті. Оның үстіне, керісінше, кейбір ТМД аймақтарындағы саяси ахуалдың тұрақсыздығына және ол жерлерде шиеленіс ошақтарының туындауына негізделген босқындар легі көбейді.

Көші-қон легін тұрақтандыруға ТМД-ға қатысушы елдер арасында болып жатқан ықпалдастық процестер белгілі дәрежеде әсер етеді. Бірыңғай кедендік рұқсатнамасыз режим құру, ТМД елдері шеңберінде болашақта заңдарды біркелкі етудің күтіліп отырған жағдайлары және ынтымақтастықтың басқа да бағыттары халықтың көші-қон көңіл күйін айтарлықтай дәрежеде бәсеңдетеді.

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының негізгі мақсаты көші-қон процестерін басқару, тұрақты демографиялық дамуды қамтамасыз ету, еліміздің мемлекеттік қауіпсіздігін нығайту және көшіп-қонушылардың құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау болып табылады.

Көші-қон процестерінің енжарлығын негізге ала отырып, тұрақты даму жағдайында Бағдарламаны екі кезеңде іске асыру күтілуде.

Бірінші кезеңде, 2001-2005 жылдардағы орта мерзімді перспективада Бағдарламаның негізгі мақсаты көші-қонның теріс сальдосын төмендетуге бағытталған көші-қон саясатын қалыптастыру, көшіп-қонушылар құқықтарын іске асыру жөніндегі қажетті жағдайлардың бәрін жасау, сондай-ақ еліміздің мемлекеттік қауіпсіздігін нығайту болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін мынадай негізгі міндеттер шешілетін
б о л а д ы :

- көшіп кетуді азайту және тұтастай алғанда ішкі көші-қон бойынша теріс
с а л ь д о н ы а з а й т у ;

- бұрынғы отандастарымыздың отанына оралуына жәрдемдесу;
- көші-қон процестерін басқару жүйесін және заңнаманы жетілдіру.

Екінші кезеңде, 2005-2010 жылдардағы ұзақ мерзімді перспективада Бағдарламаның негізгі мақсаты еліміздің экономикалық өсуіндегі көші-қон факторларын дамыту, көшіп-қонушылардың құқықтарын іске асыру жөніндегі қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін құқықтық, экономикалық, әлеуметтік базаларды одан әрі жетілдіру болып табылады.

Бұл кезеңдегі негізгі міндеттер мыналар болып табылады:

- еліміздің экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында ішкі көші-қон
п р о ц е с т е р і н р е т т е у ;

- оң сальдоға шығу мақсатында сыртқы көші-қон процестерін реттеу;
- халықтың бір бөлігін қолайсыз аймақтардан солтүстік және орталық облыстарға біртіндеп көшіру.

3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ ТЕТПІ

3.1. СЫРТҚЫ КӨШІ-ҚОНДЫ РЕТТЕУ

Көшіп кетуді азайту

Орта мерзімді перспективада (2001-2005 жылдар) сыртқы көші-қон саласындағы негізгі қызмет еліміз азаматтарының оның шегінен тыс жерлерге кетуін азайтуға бағытталады.

Бұл бағыттағы негізгі құралдар мыналар болып табылады:

өзінің кәсіби деңгейі бойынша еліміздің еңбек рыногының сұранысына сай келетін және белгілі бір аймақтарда жұмыссыздық проблемасын тереңдетпейтін мамандарды шақыру мақсатында еңбек көші-қонын мемлекеттік реттеу;

аймақтық саясатты нығайту, бейресми еңбек рыноктарының және көші-қон
п р о ц е с т е р і н і ң а й қ ы н д ы ғ ы ;

әлеуетті көші-қон болжамын негізге алатын берекесіз және реттелмеген көші-қон процестерінің және әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты көші-қон легі бағыттарының алдын алу;

көшіп кету процестерін және елден кетудің жөнсіз жоғары деңгейін, халықтың көшіп кету салдарын әлеуметтік-экономикалық және демографиялық бағалауды туғызатын себептерге кешенді талдау жасау, сондай-ақ осы негізде көші-қон процестерін, олардың салдары мен әлеуметтік-экономикалық және көші-қон ахуалына әсерін болжамдау;

статистикалық есепті және көшіп кету жөніндегі есептілікті жетілдіру, оның ақпаратының дұрыстығын арттыру;

сыртқы еңбек көші-қоны саласында тиісті нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың және атқарушы өкімет органдарының ведомствоаралық өзара іс-қимылын ұйымдастыру негізінде оны реттеудің жүйесін жасау;

жоғары білікті жұмысшылар мен мамандардың кәсіби шеберлігін іске асыру ү ш і н ж а ғ д а й ж а с а у ;

отандастарымыздың этномәдени және әлеуметтік дамуына көмек көрсету және оны қолдау үшін шетелдік инвесторларды тарту, оларды Қазақстанда тұрып ж а т қ а н ж е р і н е о р н ы қ т ы р у ;

жыл сайын республиканың облыстарындағы және тұтас елдегі көшіп кету көңіл күйін айқындау (социологиялық зерттеулер жүргізу және ұлты, жасы және қала аудандары бойынша көшіп кетудің негізгі себептерін анықтау);

басқа елдермен, әсіресе, жасырын көші-қонды азайту саласында, көшіп келушілерді қабылдайтын елдермен ынтымақтастық, білім беруді, кәсіби даярлықты арттыру үшін, еңбек көші-қоны мен басқа да салаларда уақытша к ө ш і - қ о н ғ а ж ә р д е м д е с у ;

республика аумағында көшіп-қонушылардың әлеуметтік-экономикалық, тілдік және мәдени бейімделуіне жәрдемдесу;

еңбек әлеуетінің сапасын арттыру, ішкі еңбек рыногын тұрақтандыру және республиканың валюта теңгерімін жақсарту құралы ретінде нарықтық экономикасы дамыған елдерге уақытша еңбек көші-қонын дамыту;

бос орындар мен жұмыс күшін ұсынудың теңдестірілуін анықтау, еңбек көші-қонын болжамдау мақсатында аймақтық еңбек рыноктары мен шетелдік еңбек рыноктарының жай-күйіне тұрақты талдау жасау;

үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) көші-қон процестерін зерделеу және оларға талдау жасау жөніндегі ынтымақтастық;

сыртқы еңбек көші-қонын реттеудің экономикалық тетігін әзірлеу;

мемлекеттер арасындағы байланыстардың үзіліп қалуы салдарынан болған халықтың көші-қонын қысқарту мақсатында көлік, пошта, ақпарат қызметтерінің тиімділігін арттыру, ақша қаражатын, зейнетақыларды, жәрдемақыларды дер кезінде аударуды, мерзімді басылымдарды, хат-хабарларды қамтамасыз ету негізінде Достастық және алыс шет елдер мемлекеттерімен республика тұрғындарының тұрақты кепілді байланысына қол жеткізу;

Қазақстан Республикасындағы көші-қон саясаты жөнінде ұйымдастырушылық-ақпараттық науқан жүргізу;

адамдарды, оның ішінде әйелдер мен балаларды сату саласында заңнама базасын әзірлеу және жетілдіру;

"Біздің шет елдердегі отандастарымыз", "Біз Қазақстанда тудық" деп аталатын және т.б. айдармен теледидар, радио хабарларын жүргізу.

Көшіп кету саласында ұзақ мерзімді перспективада (2005-2010 жылдар) негізгі қызмет барлық заңнамалық нормалар мен ережелерді одан әрі жетілдіру және оларды қазіргі кездегі дүниежүзілік стандарттарға сай келтіру болып т а б ы л а д ы .

Көшіп келуді реттеу және бақылау

Көшіп келу саласында орта мерзімді перспективада (2001-2005) негізгі қызмет жасырын көші-қонның алдын алу және еліміздің бұрынғы азаматтарының Қазақстан Республикасына қайта оралуына жәрдемдесу болып т а б ы л а д ы .

Бұл кезеңде көшіп келу процестерін реттеу мынадай құралдарды п а й д а л а н у д ы к ө з д е й д і :

әлеуметтік-экономикалық және басқа бағалау өлшемдерін қосып алатын - аймақтағы халықтың тығыздығын, жұмыс орнының болуын, аймақта орналасқан өндірістік инфрақұрылым объектілерінің мемлекеттік маңыздылығын, сондай-ақ көшіп-қонушылардың назарын есепке алып, тұратын орынды ұтымды таңдау негізінде көшіп келушілерді аумақтық орналастыру;

жұмыспен айналысу жіктемесін және еңбек жөніндегі нормативтік базаны дүниежүзілік стандартқа сәйкес жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

өзінің тарихи отаны Қазақстанға қайта оралған бұрынғы отандастарымызды жаңа тұрғылықты жерінде қабылдау, орналастыру, жайластыру жөніндегі шараларды барынша қамтамасыз ету;

көшіп келушілерді мемлекеттік тіркеу және есепке алу жұмысын, тұрақты көшіп келу мониторингін және еңбек рыногы конъюнктурасын жақсарту жолымен көшіп келу процестерінің ақпараттық қамтамасыз етілуін жетілдіру;

көшіп келушілерге елімізде тұруға халықаралық келісімдер мен стандарттарға сәйкес жағдай жасау;

экономикалық мүмкіндіктерді, қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін, саяси жағдайды негізге ала отырып, көшіп келу ауқымын мемлекеттің р е т т е у і ;

мемлекеттің мүмкіндігін негізге ала отырып, көшіп-қонушыларды қорғаудың, олардың оңалуы мен экономикалық дербестікке қол жеткізуіне көмектесудің құқықтық және ұйымдық негіздерін жетілдіру;

заңсыз көшіп-қонудың жолын кесу.

Жоғарыда айтылған құралдардан басқа Қазақстан Республикасының көшіп келу процестерін реттеу тетіктері мынадай ішкі жүйелер бойынша нысаналы

түрде жүзеге асырылатын болады: "Оралмандар" ішкі жүйесі, "Босқындар" ішкі жүйесі, "Еңбекке қатысты көшіп келу" ішкі жүйесі, "Шекаралық-паспорттық бақылау" ішкі жүйесі.

"Оралмандар" ішкі жүйесі бойынша жоғарыда айтылғандардан басқа, көші-қон саясатының қосымша құралдары мыналар болып табылады:

- оралмандарды ұйымдасқан түрде көшіру, қабылдау және әлеуметтік жағынан жайластыру;

- оларды дер кезінде және жинақы орналастыру мен қоныстандыруды қамтамасыз ету;

- өзінің тарихи отанына қайта оралған байырғы ұлт қоныс аударушыларын жаңа тұрғылықты жеріне жайластыру және бейімдеу мақсатында қабылдау, орналастыру, қоныстандыруды ұйымдастыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

- оралмандарды, әсіресе жастарды кәсіби оқытуды және қайта даярлауды ұйымдастыру мәселелерін шешу;

- оралмандарға Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін үйрету;

- ұлттық кәсіпшілікті қайта жаңғырту жөніндегі жұмыс орындарын көбейтуге жағдай жасау, сондай-ақ оларға республиканың заңнама кесімдері негізінде шағын бизнес және фермерлік қожалық саласында кәсіпкерлік қызметте жәрдемдесу;

- көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға тұрғын үй сатып алу үшін қаражат, жер телімдерін, оның ішінде жинақы тұру үшін жер телімдерін, тұрғын үй салу және шаруашылықтар ұйымдастыру үшін жеңілдікті ұзақ мерзімдік несие бөлуде мемлекеттік қолдау көрсету;

- оралмандардың ерікті негізде қайтып оралуына және әлеуметтік қорғауды (зейнетақымен қамсыздандыруды, жәрдемақыны және басқаларын) қамтамасыз ететін қажетті мемлекетаралық келісімдерді пысықтау негізінде олардың республика өміріне қайта араласуына жәрдемдесу;

- оралмандарды Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау тәртібін оңайлату бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын одан әрі жетілдіру;

- жыл сайын "Оралмандарды жұмысқа орналастыру - жұмыспен қамту, кәсіптік оқыту, өздігінен жұмыспен қамтылу" аймақтық бағдарламасын әзірлеу;

- оралмандарды еліміздің өміріне бейімдеу және араластыру жөнінде социологиялық зерттеу;

- заңнамаға сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету;

- барлық жағдайда, азаматтық істерді, еңбек дауларын және т.б. қоса, құқықтық көмек көрсету;

- оралмандар балаларының еліміздің мектептерінде, колледждерінде, жоғары

оқу орындарында және т.с.с. оқуына жәрдемдесу;
- жыл сайын Оралмандар күнін өткізу.

Қазақстан Республикасындағы "Босқындар" ішкі жүйесі бойынша көші-қон саясатының құралдары:

- аймақтар мен республика қимасында босқындар жөніндегі деректердің ақпараттық қорын құру;

- босқындар шыққан елдердегі ахуал мониторингі жүйесін әзірлеу;
- босқындарға өздерінің шыққан мемлекеттеріне қайта оралуына жәрдемдесу;

- "1951 жылғы босқындар мәртебесі туралы конвенцияға" және "1967 жылғы босқындар мәртебесіне қатысты хаттамаға" және Қазақстан Республикасы бекіткен басқа да халықаралық шарттарға сәйкес босқындар құқығын қамтамасыз ету жолымен босқындарды олардың өміріне қауіп төндіретін елдерге, соның ішінде олардың өздері шыққан елдерге шығарып жіберуге немесе мәжбүрлеп қайтаруға тыйым салу қағидатына негізделеді.

"Еңбекке қатысты көшіп келу" ішкі жүйесі бойынша көші-қон саясатының негізгі құралдары мыналар болып табылады:

- ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатымен ішкі еңбекке қатысты көшіп келуді реттеу;

- еңбек көші-қоны шеңберінде келген шетелдік азаматтардың еңбек қызметін лицензиялау және квоталау;

- Қазақстан Республикасы азаматтарының шет елдердегі және шетелдіктердің Қазақстан Республикасы аумағындағы еңбек қызметіне байланысты мәселелерді шешу үшін халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру;

- жасырын еңбек көші-қонын болдырмау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

- бірдей кәсіптер мен біліктілік бойынша шетелдіктермен салыстырғанда бос тұрған қызмет орнына қазақстандық азаматтардың орналасуына басым құқықты қамтамасыз ету.

"Шекаралық-паспорттық бақылау" ішкі жүйесі бойынша мынадай шараларды жүзеге асыру қажет:

- ел аумағына шетелдік азаматтардың заңсыз келуінің алдын алу мақсатында шекаралық және паспорттық бақылаудың тиімділігін арттыру;

- шет мемлекеттерден келген азаматтардың қатаң есебін реттеу мен жүргізу үшін көші-қон бақылауы карточкасын енгізу;

- Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, жасырын көшіп-қонушыларды жер аударудың тиімді тетігін әзірлеу.

Көшіп келу саласында ұзақ мерзімді перспективадағы (2005-2010 жылдар) негізгі қызмет еліміздің экономикалық өсуіне жәрдемдесу мақсатымен оң

сальдоға шығып, сыртқы көші-қон процестерін реттеу болып табылады. Осыған байланысты тапшы кәсіптер иелерінің, дарынды ғалымдардың, мамандардың, оқытушылардың, мәдениет пен өнердің аса көрінекті қайраткерлерінің, Қазақстан экономикасына капитал инвесторларының көшіп келуін ынталандыру мәселелері пысықталатын болады.

3.2. ІШКІ КӨШІ-ҚОНДЫ РЕТТЕУ

Реттеудің әдістемелік негіздері

Ішкі көші-қонды реттеу жүріп-тұру бостандығы мен тұрғылықты жерді ерікті түрде таңдау құқығы қағидаттарына негізделеді. Сонымен бірге ол елдің экономикалық өсуін қамтамасыз етуге бағытталатын болады. Осыған байланысты ішкі көші-қонды мемлекеттік реттеуде негізгі әдістемелік база, этномәдени, экологиялық және басқа факторларды қоспағанда, 2015 жылға дейінгі кезеңге Қазақстан Республикасының Өндіргіш күштерін дамыту және орналастыру схемасы болып табылады. Ол мынадай:

- еңбек рыногындағы ауыртпалықты, әсіресе жастар, мектеп және жоғары оқу орындарын бітірушілер арасында жеңілдету жөнінде шара қабылдау;
- артта қалып, тығырыққа тірелген аймақтардан инфрақұрылымы дамыған аймақтарға көшіруді ескере отырып орналастырудың ұтымды схемасын анықтау;
- проблемалы аймақтарды, шағын қалаларды, ауылдық елді мекендерді тығырыққа тірелген жағдайдан шығару, олардағы өндірісті оңалту міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Ішкі көші-қонды реттеудің негізгі бағыттары

Ішкі көші-қонды орташа мерзімді перспективада 2001-2005 жылдарда реттеу мынадай бағыттар бойынша іс-шаралар әзірлеуді қажет етеді:

- қалыптасатын нарықтық қатынастар жағдайында қоныстандырудың ұтымды этно-демографиялық дамуын қамтамасыз ету;
- ауыл халқының жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу, еңбекке ақы төлеудегі сәйкессіздікті жою және ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын нығайту жөніндегі арнайы шараларды пысықтау және жүзеге асыру жолымен ауылдан-қалаға республика ішіндегі көші-қон легін азайту;
- елдегі және жекелеген аймақтардағы экологиялық жағдайды жақсарту, экологиялық факторлардың зиянды ықпалын төмендету жөніндегі шаралар кешенін жүргізу және осы аймақтарда халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;
- халықтың республика ішіндегі көші-қонын оңтайландыру мақсатында

еңбекке ақы төлеудің салалық саралануының тиімді жүйесін жетілдіру;

- келуші және кетуші көшіп-қонушылар жөніндегі әртүрлі тұрғыдағы (жынысы, жасы, кәсібі, келген және кеткен жері және т.б.) деректердің республикалық және аймақтық ақпараттық базасын жасау;

- "ішкі (облысаралық) көшіп кетуші мен көшіп келушінің портретін" жыл с а й ы н ә з і р л е у .

Ішкі көші-қонды ұзақ мерзімді перспективада 2006-2010 жылдарда реттеу мынадай бағыттар бойынша іс-шаралар әзірлеуді қажет етеді:

- Өндіргіш күштерді орналастыру схемасын негізге ала отырып, еліміздің еңбек ресурстары мен халқының орын ауыстыруына және оларды қайта бөлуге ж ә р д е м д е с у ;

- аймақтардың экономикасын дамыту үшін қолайлы алғышарттар және халықтың республика ішінде теңдестіріле қоныстануына қол жеткізу мақсатында ол жерлерде халықтың тұруына тиімді жағдай жасау;

- көші-қон легі жүйесін әзірлеу, экономикалық өсу мен реттеу нүктесіне олардың бағытталуы, материалдық техникалық базаны күшейту, сондай-ақ ы н т а л а н д ы р у ;

- халықты экономикалық өсу нүктесіне, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерге ерікті негізде өндірістің даму ізімен аймақтардағы демографиялық ахуалды ескере отырып, тұру үшін жағдайдың болуына қарай тарту үшін ы н т а л а н д ы р у шараларын ж а с а у ;

- проблемалық аймақтардың және қалалардың өсу нүктесіне жоғары білікті кадрларды, жоғары оқу орындарының, училищелердің және т.б. бітірушілерін тарту үшін ынталандыру шараларын дамыту.

3.3. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Көші-қон процестерін құқықтық реттеуді жетілдіру Қазақстан Республикасының Конституциясы мен республика бекіткен халықаралық шарттар ережелеріне сәйкес көші-қонға байланысты мәселелер кешенін шешуге бағытталады. Бұл кешен заңнама және нормативтік базаны жасау мен жетілдіруге сыртқы көші-қонды, еңбек көші-қонын, көшіп келуді бақылауға және халықаралық ынтымақтастықты реттеуге қатысуды қамтитын болады.

Көші-қон түрлерін, көші-қон саясатын қалыптастыру қағидаттарын және оның негізгі бағыттарын регламенттейтін заңнама кесімдерін жетілдіру және жекелеген жағдайларда жаңа заңнама кесімдерін қабылдау; оны жүзеге асыратын органдар және олардың құзыретінің негіздері; көші-қонды құқықтық реттеудің мақсаттары мен міндеттері; көшіп келудің (жасырын көшіп келуді қоса алғанда)

әралуан түрлері ұғымын, көшіп келумен айналысатын органдардың өкілеттігін айқындайтын осы мәселелердің шешілуін материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз ету; көшіп келушілер мәртебесіне жатпайтын субъектілер тобы. Көші-қон мәселелерін заңнамамен реттеу қатысушы мемлекеттермен тиісті халықаралық шарттар жасасумен нығайтылуы тиіс.

Ұйымдастырушылық-экономикалық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының бағдарламасын ұйымдық-экономикалық қамтамасыз ету:

қосымша штаттық және техникалық жарактандыру есебінен көші-қон қызметінің жұмысын нығайту және кеңейту;

мәдени-ағарту қоғамдарын, шығармашылық одақтар мен басқа да ұйымдарды оралмандардың жаңадан қоныстанған жердегі ортаға араласып кетуі, олардың Қазақстандағы өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуі, көші-қон проблемалары жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыру;

шет елдердегі қазақ диаспорасын өздері тұратын мемлекеттердің Қазақстан Республикасымен мәдени және экономикалық байланысын кеңейту мен нығайтуға қосатын үлесін ұлғайту мақсатында оларды қолдау жөніндегі шаралар жүзеге асыру;

мемлекеттік өкімет органдарының қоғамдық бірлестіктермен, оның ішінде шет елдердегі отандастарымыздың бірлестіктерімен көші-қон саласындағы бірлескен қызметінің бағдарламасын әзірлеу;

Көші-қон саласында Қазақстан Республикасының мемлекеттік көші-қон саясатын іске асыру мақсатымен халықаралық ынтымақтастық жасау екі жақты және сол сияқты көп жақты іскерлік байланыстарды, оның ішінде БҰҰ шеңберінде халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты, мемлекетаралық шарттар мен келісімдерді, халықаралық және шет елдік үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық, діни ұйымдармен және қорлармен жұмысты қамтиды.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту шеңберінде Халықаралық ұйымдар (ХКҰ, БҰҰ, БЖКБ және т.б.) қызметіне Қазақстанның белсенді қатысуы көзделді.

Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының бағдарламасын іске асыру 3.1 - сыртқы көші-қонды реттеу және 3.2 - ішкі көші-қонды реттеу тармақтарында баяндалған шараларды ғылыми-әдістемелік негіздеуге және қамтамасыз етуге саяды. Осы мақсатпен, Бағдарламаның негізгі бағыттарын іске

асыру кезінде, отандық және шет елдік ғылыми-зерттеу институттары кеңінен тартылатын болады. Осы ұйымдар, бірінші кезекте, отандық ұйымдар, әртүрлі үлгілік сауалнамаларды, әдістемелерді, деректер базаларын Қазақстан Республикасы халқының қоныс аудару бас схемасын әзірлеуге, еңбек көші-қонының тиімділігін есептеуге және т.б. жұмылдырылатын болады.

Еліміздің ғылыми әлеуеті сыртқы және ішкі көші-қон саласындағы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық процестерді өңдеудің талдамалы, ақпараттық, социологиялық орталықтары ретінде пайдаланылады.

Ақпараттық-идеологиялық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының бағдарламасын ақпараттық-идеологиялық қамтамасыз ету көші-қон легін оңтайландыру, жеке бастың қауіпсіздігіне қатер төнуінен негізсіз сақтанудан, дақпырт көңіл күйден және салауаттылыққа сенімсіздіктен туған, ойластырылмай, сезімге беріліп көшуді болдырмау мақсатында халық үшін тиімді ақпараттық және жарнамалық бағдарламаларды әзірлеуге саяды. Бұл қамтамасыз ету ақпарат құралдарына кеңінен сүйенетін болады.

4. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен және шегінде жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі жыл сайын тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік заңнаманы қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

2000 жылғы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көші-қон саясаты тұжырымдамасына сәйкес репатрианттар (оралмандар) отбасыларына тұрғын үй сатып алу үшін қайтарымды негізде қаражат бөлу тетігін әзірлеу қажет.

Көші-қон проблемаларын реттеу үшін қосымша қаржы қаражатын тарту мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің халықаралық және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастығы:

жебеушілердің, коммерциялық банктердің, кәсіпкерлік құрылымдардың мүмкіндіктерін нысаналы нақты бағдарламалардың, ішкі бағдарламалардың және жобалардың демеушілері ретінде оралмандарды орналастыру және әлеуетті эмигранттарды орнықтыру үшін пайдалануды;

көші-қон проблемаларын шешуге арнап республикаға шет елдерден жіберілген қаржы қаражаттарын бақылау және оларды пайдалануға талдау

жасаудың тиімді жүйесін әзірлеуді қамтитын болады.

Қ а р ж ы қ а р а ж а т т а р ы :

а) жәрдемақы, жол жүру мен теңдеме жүктеріне төлем, дәрі-дәрмек сатып алу түрінде оралмандарға алғашқы көмек көрсету;

б) жаңадан тұратын жерінде тұрақты жайластыруға: көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандар үшін тұрғын үй сатып алуға, инфрақұрылым құруға, жинақы қоныстандыруға, көшіп келу квотасынан тыс көшіп келген оралмандар үшін тұрғын үй салуға пайызсыз несие беру ісіне;

в) көшіп келушілерді бақылау, алғашқы қабылдау қосындарын, бейімделу орталықтарын құруға және оларда оралмандарды, босқындарды және басқа көшіп-қонушыларды ұстауға арналған шығындарға;

г) ж ұ м ы с о р ы н д а р ы н құ р у ;

д) оралмандардың, босқындардың, сондай-ақ жасырын көшіп-қонушыларды шығарып жіберу проблемаларымен айналысатын қоғамдық бірлестіктерге көмек көрсету ісіне бөлуге бағытталатын болады.

Республикалық деңгейде көші-қон бағдарламасын іске асыруды қаржы-экономикалық қамтамасыз ету проблемасын шешу үшін қауымдастық құру ұ т ы м д ы б о л м а қ .

Қауымдастық оралмандар мен басқа да көшіп-қонушылардың өмірі мен мүлкін сақтандыруға, инвестициялар тартуға, оралмандар мен басқа да көшіп-қонушылар құқықтарын қорғауға байланысты мәселелерді де шешетін б о л а д ы .

Бұдан басқа қаржы-экономикалық проблемаларды шешуге оралмандар мен басқа да көшіп-қонушылардың бірқатар санаттарын, бюджеттен тыс қорлар мен жебеушілер қаражаттарын тарту ұтымды болмақ.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 925 қаулысымен.

5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Қазақстан Республикасында Бағдарлама іс-шараларын іске асыру нәтижесінде 2001-2005 жылдардағы бірінші кезеңде еліміздің әлеуметтік және экономикалық қауіпсіздігін, демографиялық процестерде қолайсыз үрдістердің кемуін және көшіп кету легін бәсеңдетуді қамтамасыз ететін орнықты көші-қон а х у а л ы қ а л ы п т а с у ғ а т и і с .

Осы Бағдарламаның іске асырылуы, сондай-ақ халықтың экономикалық өсу нүктесіне қоныс аударуы және сыртқы көші-қонның оң сальдосы есебінен елдің орнықты экономикалық дамуымен өзара байланысты.

2010 жылы Қазақстан Республикасының халқы әлеуметтік, экономикалық, заңнамалық жағынан сапалық өзгеше, неғұрлым жоғары деңгейде жалпы

дүниежүзілік көші-қон процесіне араласатын болады.

Олардың күнделікті өмірінің негізгі өлшемдері салауатты өмір салты және материалдық әл-ауқатының жақсаруы, этномәдени дәстүрлер, Қазақстан Республикасының Конституциясы шеңберінде рухани имандылық болуға тиіс.

**6. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ
С А Л А Л Ы Қ
БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ
2001-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЫ**

Іс-шара	!	Аяқтау нысаны	!	Орындалуына	!	Орындау
	!		!	жауаптылар	!	мерзімі

1	!	2	!	3	!	4

1.1. Көшіп келу

1.1.1. Көшіп келу жөнін. Қазақстан ҰҚК (келісім 2004 жылғы дегі деректердің ақпа. Республикасының бойынша), КДА, қазан раттық қорын жасау Үкіметіне СІМ, ІІМ, СА ақпарат

1.1.2. Қазақстан Респуб. -//- ТурСА, КДА, СА, 2002-2003 ликасына келетіндер үшін МАКМ, СІМ, ҰҚК жылғы шілде ел туралы анықтамалық (келісім бойынша) әзірлеу

1.1.3. Оралмандарды -//- КДА, ҚарМ, ЭСМ 2005 жылғы қабылдау жөніндегі желтоқсан рес п у б л и к а л ы қ б е й і м д е л у орталығын құру мүмкінді. гін зерделеу

1.1.4. Оралмандарды -//- ЕХҚМ, ДСМ, КДА, 2002 жылғы әлеуметтік қолдау және облыстардың, қазан жұмысқа орналастыру Астана және жөніндегі іс-шаралар Алматы қалалар. жоспарының жобасын ының әкімдері әзірлеу

1.1.5. Репатрианттардың Қазақстан КДА 2005 жылғы (оралмандардың) отба. Республикасының желтоқсан

сыларына тұрғын үй сатып Үкіметіне
алу үшін қайтарымды ақпарат
негізде қаражат бөлу
тетігін әзірлеу

1.1.6. **Алынып тасталды - ҚРҰ-нің 2002.04.17. N 444 қаулысымен.**

1.1.7. Босқындар жөнін. Қазақстан КДА, ИМ, СА, 2005 жылғы
дегі деректердің ақпарат. Республикасының ҰҚК (келісім желтоқсан
тық қорын жасау Үкіметіне есеп бойынша)

1.1.8. Жасырын көшіп Қазақстан КДА, ИМ, ҰҚК 2003 жылғы
келуді бақылау жүйесін Республикасының (келісім желтоқсан
әзірлеу Үкіметіне бойынша)
ақпарат

2.1. Көшіп кету

2.1.1. Қазақстан Қазақстан ТурСА, КДА, СА, 2002-2003
Республикасынан Республикасының МАКМ, СІМ, ҰҚК жылғы шілде
кететіндер үшін шет Үкіметіне (келісім
елдер туралы анықтамалық ақпарат бойынша)
әзірлеу

2.1.2. Сыртқы еңбек Нормативтік ЕХҚМ, СІМ, КДА 2003 жылғы
көші-қонын реттеу құқықтық желтоқсан
мен бақылау тетігін кесімдер
әзірлеу, қажет болған жобалары
жағдайда қазақстандық
еңбекші - көшіп-қонушы.
ларды қорғауға және кері
қайтаруға көмектесу

2.1.3. Қазақстан Қазақстан КДА, СА 2003 жылдан
Республикасында эмигра. Республикасының бастап жыл
циялық көңіл күй Үкіметіне есеп сайын ақпан
мониторингін енгізу

2.1.4. Босқындардың Қазақстан КДА, ИМ, ҰҚК Жыл сайын
ерікті түрде кері Республикасының (келісім қазан
қайтуына жәрдемдесу Үкіметіне бойынша)
ақпарат

3.1. Ішкі көші-қон

3.1.1. Ішкі көші-қонға Қазақстан СА, ЕХҚМ, ИМ, 2003 жылғы
әлеуметтік зерттеу Республикасының КДА шілде
жүргізу Үкіметіне есеп

4.1. Көші-қон саласындағы заңнама саясатын жасау

4.1.1. Шекаралық және Нормативтік ҰҚК (келісім 2002 жылғы
паспорттық бақылау құқықтық бойынша), ІІМ, желтоқсан
жүйесін халықаралық кесімдер СІМ, ҚДА
стандарттарға сәйкес жобалары
жетілдіру

4.1.2. Адамдарды сатуды Нормативтік ӘДМ, ІІМ, ҚДА, 2002 жылғы
болдырмау саласындағы құқықтық ТурСА, Отбасы желтоқсан
заңнама базасын әзірлеу кесімдер және әйелдер
және жетілдіру жобалары істері жөнін.

дегі ұлттық
комиссия
(келісім
бойынша), ҰҚК

(келісім бойынша)

4.1.3. Оралмандарға Қазақстан ӘДМ, ҚДА, ІІМ Жыл сайын
ұлттық заңнаманың Республикасының сәуір
құқықтық негіздерін Үкіметіне
оқыту жөніндегі ақпарат
жұмысты жүргізу

4.1.4. Босқындар Нормативтік ҚДА, ІІМ, СІМ, 2002 жылғы
мәртебесін айқындау құқықтық ҰҚК (келісім шілде
жөніндегі Республикалық кесімдер бойынша)
орталықтандырылған жобалары
комиссия құру

5.1 Халықтың көші-қоны процесін реттеу жөніндегі шаралар

5.1.1. "Біздің шет елдер. Қазақстан МАКМ, ҚДА Жыл сайын
дегі отандастарымыз", Республикасының қаңтар
"Біз Қазақстанда тудық" Үкіметіне
және т.б. айдарымен ақпарат
теле-, радио хабарларын
жүргізу

5.1.2. Көші-қон мәселе. -//- ҚДА, СІМ, ІІМ, Жыл сайын
лері бойынша халықаралық ЕХҚМ, СА, ҰҚК қаңтар
ғылыми-практикалық (келісім
конференциялар, бойынша)
семинарлар, симпозиумдар
өткізу

5.1.3. Орталық атқарушы -//- МҚА (келісім Жыл сайын
органдардың көші-қон бойынша), СІМ, желтоқсан

мәселелерімен айналысатын
қызметкерлерін халықаралық
және республикалық білім

КДА, ІІМ, ЕХҚМ,
СА, ҰҚК
(келісім бойынша)

орталықтарында

тағылымдамадан

және

олардың

өткізу

біліктілігін

арттыру

5.1.4. Оралмандардың

Қазақстан

БҒМ, КДА

Жыл сайын

балаларын еліміздің

Республикасының

қазан

мектептерінде, колледж.

Үкіметіне

есеп

дерінде,

жоғары

оқу

орындарында

оқыту

жөніндегі

шараларды

жүргізу

5.1.5 "Оралмандар күнін"

Қазақстан

КДА, облыстар. 2003 жылғы

өткізу

Республикасыныңдың, Астана қаңтар

Үкіметіне

және Алматы

ақпарат

қалаларының

әкімдері